

"Шұғыла" бөбекжай-балабақшасы "МКҚК.

«Бекітемін»
«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі:  Ш. Жанхожаева



"Қош бол, балабақшам"

(ертеңгілігі)

Тәрбиешілер: Стаева Г

Тақырыбы: «Қош бол балабақшам!» ертегілігі

Мақсаты: Балалардың мерекелік көңіл - күйін қалыптастыру. Балабақша, туралы өлең шумақтар, әндер айтқызу арқылы балалардың тілдерін дамыту. Балалардың балабақшадан алған білімдерін тиянақтау. Оқуға деген қызығушылығын арттыру

Жүргізуші:

Бұл оқу, тамақ болар қарны ашқанда

Жол табар қараңғыда адасқанға

Мал озбас біле білсең білім озар

Ақыры керек болар бір сасқанда- деп тарыдай болып кіріп, ақыл ойлары толып, оны мен солын танып, жақсы мен жаманды айыра білуді үйренген бүлдіршіндеріміздің ұйымдастыруымен өткізгелі отырған

«Қош бол балабақшам» мерекелік кешіне қош келдіңіздер.

Бүгін біздің бірнеше жыл балабақша шаңырағы астында мәпелеп, күтіп, тәрбиелеп өсірген бүлдіршіндерімізді мектеп табалдырығына шығарып салғалы отырмыз. Әрине бұл да үлкен той, тойларыңыз құтты болсын!

Кәнекей, кішкентай түлектерімізді тағы да бір қошеметтеп бір қол соғып қоялық.

Жүргізуші:

Толқимыз, толқып тұрсыз баршаңызда

Мұндай күй болған сірә қаншаңыз да

Қол соғып, қошеметпен шақырайық

Балдырған бүлдіршіндерді ортамызға

1. Айдай сұлу Дана мен ақылды Заңғарды қарсы алайық

2. Инабатты Адия мен тапқыр жігіт Дамирді қарсы алыңыздар

3. Мейірімді Адельямен, алғыр жігіт Жансеріні қарсы алыңыздар

4. Сыпайы Раяна қызымыз бен алғыр жігітіміз Алиханды қарсы алыңыздар

4. Қайратты жігітіміз Нұрхан, сонымен бірге Жігерлі жігіт Әділетпен, көрікті қызымыз Іңкәрді қарсы алыңыздар

«Вальс»

Бала шаққа болашақты жырлатып

Шәкірттерге ой түзеткен сымбатты

Күн нұрындай сәуле құйған көңілге

Армысыздар ұстаздарым қымбатты дей келе, ортаға Аделья қызымызды

«Ұстазым менің» әнімен ортаға шақырамыз.

Жүргізуші:

Мектеп ана шақырады бізді алдан
Алдымызда әлі талай сан арман
Қоштассақта балабақшам сенімен
Санамызда өзін берген өнегең – деп қоштаскалы тұрған түлектеріміздің
лебіздерін тыңдалық.

Такпақтар:

Балабақша, балабақша Шаңырағы шаттықтың Балабақша қорғанышы Балғын сәби жастықтың	Алихан
--	---------------

Қуанамыз сыйлаймыз Қуаныштың мың гүлін Бақшамызбен кимай біз Қоштасатын күн бүгін	Іцкәр
--	--------------

Ботақаным бөбек деп Еркелеткен ұл қызын Анамызды ерекше Қуантатын күн бүгін Өсті міне бойымыз Қуанышқа ортақпыз Құтты болсын тойымыз.	Аделя
---	--------------

Бұл қуаныш себебін Бізге қарап ұғарсың Ер жетті деп бөбегің Туған Отан қуансын	Дамир
---	--------------

Оқимыз білім аламыз Болашақ жолын саламыз Бақшаменен қоштасып Біріншіге барамыз	Жансері
--	----------------

Жүргізуші: Мерекеде сызылтып ән салады,
Ән айтып би де билеп жан салады.
Бұл ұлы мерскеде ән салғанда,
Бүкіл ел шапалақтап қарсы алады-деп, балаларымыздың
орындауында «**Балабақша арайлым**» әнін тамашаланыңдар

Тәрбиеші : Ал енді балалар қараңдаршы біздің бүгінгі мерекемізге кім
келгенін

(музыка әуенімен Аюлар кіреді)

Аю: Сәлеметсіңдер ме балақайлар. Сендерді мектепке шығарып салайын деп келдім. Менімен бірге би билеп ойнағыларың келе ме?

Олай болса «Ия, ия» «Жоқ, жоқ» ойынын ойнайық. (аудио запись)

Жүргізуші: Рахмет көп-көп, кешіміздің жалғасын келген қонақтарымызбен бірге қыздарымызды ортаға шақырайық

«Флешмоб» қыздар биі

Жүргізуші:

Ей бүлдіршін, бүлдіршін

Өмір бізді күлдірсін

Тойға келген мына жұрт

Ән мен жырға бір тойсын-деп Дана қызымызды

«Тәрбиеші апайлар» әнімен ортаға шақырамыз

Бізге сыйлап сыңғырлаған күлкінді,

Сәбилерім жүздерінде нұр тұнды.

Бізден ұшып, қанат қағып есейдіңдер.

Өздеріңмен қоштасатын күн туды- дей келе балалардың тақпақтарына кезек берейік

Балабақша базарлы үй

Заңғар

Көшедегі ажарлы үй

Шаттығы бар шуақты

Өз үйіміз сияқты

Мәпелеген анамыз,

Дана

Бақша болды панамыз.

Мектепке енді барамыз,

Оқып білім аламыз

Мектепке енді барамыз

Нұрхан

Оқимыз, сауық құрамыз.

Қашық емес арамыз

Бақшаға келіп тұрамыз

Қуанамыз, сыйлаймыз

Әділет

Қуаныштың мың гүлін

Бақшамызбен қимай біз

Қоштасатын күн бүгін

Қолыма гүл аламын

Раяна

Дайын дәптер қаламым

Таң қалдырып достарды
Мен мектепке барамын

Жүргізуші: Бірге ойнап, бірге жүрген,
Күндерімді қимаймыз.
Естелік болсын біздерден,
«Сықырлы карандаш» биін сыйлаймыз.

Би: «Сықырлы карандаш»

Енді балабақшамыздың әнші қыздарының бірі Адияны «Қош бол
балабақшамыз» әнімен ортаға шақырамыз

Жүргізуші:

Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын саламыз
Бақшаменен қоштасып
Біріншіге барамыз -деп енді баларымыз балабақшадағы апайларына өз
ризашылықтарын білдірмек

Адия: Ұстаздардың ұстазы,
Тәрбиенің ұстасы
Меңгеруші апайға
Ырза шеше, әке де.
Бізде мұнда әрдайым
Бәрі - бәрі дап - дайын.
Қамымызды ойлаған
Шекер Мейірбекқызына мың алғыс!

Дамир: Біздің апай Сандуғаш
Маманы оның әдіскер.
Бұл апайға қарасақ,
Ақылына көркі сай.
Мақтан етем әрдайым,
Аман болшы апатай.

Алихан: Еңбек еткен еңселі
Сырты менен ішіне.
Балабақшаның қызметін
Иығына көтерген.
Дәмді, тәтті тағамды
Жеткізген бізге дүкеннен.
Қоймашы Гүлмира апайға мың алғыс!

Заңғар:Бақшадағы күндерді
Есімізде сақтаймыз.
Тәрбиеші Салтанат,Балауса, апайлар сіңірген
Еңбегіңізді ақтаймыз.

Жансері: Әр күніміз той - думан
Рахатқа батып ек.
Асқа бізді тойдырған
Аспазшы Зупаш,Нұрсұлу
апайларға рахмет!

Әділет:Ән айтуды үйреткен
Би-билетіп,ойнатқан
Музыкант Дамира апайға
Айтамыз біз мың алғыс

Аделья:Жақсы болсақ қуанған
Қате болсақ кешірген
Ләйлә,Фарида апайларға
Айтамыз біз мың алғыс

Дана: Денсаулыққа болаттай
Ауруларды жолатпай
Күнде болған әбігер
Қамқоршымыз дәрігер
Нағима апайға мың рахмет

Іңкәр: Бізді баптап қараған
Күлімдеген жақсы адам
Ақ төсекке жатқызған
Басымыздан сипаған
Мақпал апайға көп рахмет

Жүргізуші:
Бақша деген білім кені, жыр кені,
Бақша деген ғылымның ең үлкені.
Бақша деген тәрбиеші адамға
Бақша деген даналардың мекені, - дегендей түлектердің орындауында

«Балдәурен» әнін тамашалаңыздар.ХОР

Жүргізуші:

Бізден ұшып талмай қанат қағындар,
Жүректерден арман отын жағындар.

Жақсы оқып алтын ұя мектепте,
Бұл өмірден бақыт жолын табыңдар! -деп, ендігі кезекті
ұлдар биіне берейік.

Жүргізуші :
Бәріңді де сәбиім деп сүйетін,
Өздеріңді сағынып біз жүрейік
Құтты болсын қадамдарың аттаған
Біз сендерге сәтті сапар тілейік!

Би түлектердің орындауында : «Қазақша»

Бүгінгі кешіміздің қонағы, балабақшамыздың 2022-жылғы түлегі Айзере
қызымыздың, балабақшамыздан мектеп табылдырығын аттағалы отырған іні-
сіңділеріне ән пашуы бар екен .Оай болса ортаға Айзере қызымызды
«Мектебім» әнімен ортаға шақырайық.

Жүргізуші:

Қуанышымыз біздің мол,
Мектепке біз тарттық жол!
Ұмытпаймыз өзінді,
Балабақшам қош - сау бол! -деп, балаларымыздың жүректері лүпілдеп
мектепке қадам басқалы тұр. Бойларындағы бар өнерлерін сіздерден аямай
барынша тырысып көрсетті. Сіздерге ақ жол тілеймін, бөбектер. Сапарларын
оң болсын бүлдіршіндер! Ендігі сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі
Шекер Мейірбекқызына береміз.

Балаларға алғыс хаттар мен сыйлықтар беру.



